

**Байғанин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген
нормативтік құқықтық актілері**

Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қаңтардағы №131 «Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 110 «2018-2020 жылдарға арналған Байғанин аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 145 шешімі.
Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 26 наурыздағы № 3-4-158 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қаңтардағы №131 «Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №110 «2018-2020 жылдарға арналған Байғанин аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5874 санымен тіркелген, 2018 жылдың 31 қаңтарда Электрондық түрде ҚР НҚА эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімнің 1 тармағында:

«2016 жылғы» сөздері «2017 жылғы» сөздерімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі сөздер өзгеріссіз қалдырылсын.

2. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы**

**Байғанин аудандық
мәслихатының
хатшысы**

К. Табынбаева

Б. Турлыбаев